

Бекітемін
ОФ «IQANAT білім беру қоры» ҚҚ
Атқарушы директоры



Садықова А.Е.

« _____ » 2020 ж.

IQanat ОЛИМПИАДАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

МАЗМҰНЫ

ГЛОССАРИЙ.....	3
2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	4
3. ОЛИМПИАДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.....	5
3.1. Олимпиааны ұйымдастыру комитеті	5
3.2. Олимпиаданың қазылар алқасы.....	6
3.3. Апелляциялық комиссия.....	6
4. ОЛИМПИАДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ.....	7
4.1. Олимпиаданың кезеңдері	7
4.2. Қатысушылар саны.....	7
4.3. Тапсырмалар форматы.....	8
4.3.1. Бірінші кезең.....	8
4.3.2. Екінші кезең.....	9
4.3.3. Үшінші кезең	11
4.4. Өткізу тәртібі.....	12
5. АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ	13
6. ТАПСЫРМАЛАРДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ.....	15
7. ОЛИМПИАДАНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН МАРАПАТТАУ.....	18
8. ОЛИМПИАДАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ.....	19

ГЛОССАРИЙ

✓ **IQanat олимпиадасы** – еліміздің ауыл мектептерінің 9-сынып оқушылары үшін тегін олимпиада

✓ **IQanat олимпиадасының 1-кезеңінің қатысушысы** - www.iqanat.kz сайтына тіркелген ауыл мектебінің 9 сынып оқушысы

✓ **IQanat олимпиадасының 2-кезеңінің қатысушысы** – 1-кезең жеңімпазы

✓ **IQanat олимпиадасының 3-кезеңінің қатысушысы** – 2-кезең жеңімпазы

✓ **IQanat олимпиадасының ұйымдастыру комитеті** – олимпиаданың барлық кезеңдерін өткізу бойынша нормативтік құжаттарды, қатысушыларға арналған нұсқаулықтар мен ұсынымдарды әзірлейді

✓ **Ұйымдастырушы** - олимпиаданы ұйымдастыруға және өткізуге жауапты тұлға

✓ **Қазылар алқасы** – олимпиаданың орындалған тапсырмаларын бағалайтын құзыретті тұлғалар

✓ **Апелляция** - олимпиада нәтижесінің шешіміне оның қатысушысының шағымдануы

✓ **Академиялық күнтізбе** – қордың оқу жылына арналған оқиғалар күнтізбесі

✓ **Облыстың (ауданның) қамқоршысы** - IQanat олимпиадасын ерікті негізде жеке қаражат есебінен қаржыландыратын жеке (заңды) тұлға

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

IQanat олимпиадасын ұйымдастыру және өткізу туралы осы Ереже (бұдан әрі - Ереже) IQanat олимпиадасының (бұдан әрі - Олимпиада) ұйымдастыру және өткізу тәртібін, ұйымдастырушылық, әдістемелік және қаржылық қолдауын, қатысу тәртібін, жеңімпаздарды және жүлдегерлерді анықтап көрсетеді.

«IQanat білім беру қоры» қоғамдық қоры (бұдан әрі – Қор) олимпиаданы қамқоршылардың қаржыларына өткізеді.

Олимпиаданың негізгі **мақсаттары** мен **міндеттері**:

-- қабілетті оқушыларды анықтау және қолдау, ауыл оқушыларының шығармашылық, танымдық, зияткерлік бастамаларын жандандыру;

- оқушылардың жалпы білім беру пәндерін оқуға қызығушылығын қалыптастыру;

- оқушылар арасында тікелей байланыс пен тәжірибе алмасуға жағдай жасау.

Олимпиада ауыл мектептерінің 9-сынып оқушылары үшін жалпы білім беретін пәндер бойынша үш кезеңде өткізіледі:

- 1-кезең;
- 2-кезең;
- 3-кезең – Республикалық слет.

Олимпиадаға қатысу тегін.

Олимпиаданың 1, 2, 3 турларының қатысушылары және олимпиаданың нақты өткізілетін уақыты көрсетілген олимпиада бағдарламасы Қордың ресми сайтында жарияланады.

ОЛИМПИАДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

3.1. Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті

Олимпиаданы өткізу және дайындау бойынша ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету, үйлестіру және жүзеге асыру үшін басты офис пен облыстық үйлестірушілер өкілдерінен Ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) құрылады

Ұйымдастыру комитеті Қордың басты офистің бұйрығымен анықталады және бекітіледі.



Ұйымдастыру комитеті құқылы:

- Олимпиадаға жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- Олимпиада басталғанша тапсырмалардың құпиялылығын қамтамасыз етеді;
- Олимпиаданы өткізудің жалпы тәртібін бақылайды;
- Олимпиаданы өткізуді ұйымдастыруды жүзеге асырады;
- жұмыстарды жинауды және жөнелтуді жүзеге асырады;
- Ережеге сәйкес басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

Олимпиаданы ұйымдастыру комитетінің мүшесі, егер осы Ереженің жекелеген тармақтары бұзылса, кез келген қатысушының Олимпиадаға қатысуын тоқтатуға құқылы.

Ұйымдастыру комитеті жауапты:

- Ұйымдастыру комитеті осы Ереже талаптарының сақталуына жауап береді;
- Ұйымдастыру комитеті олимпиаданы өткізу және оның қорытындысын шығару кезінде ақпараттық қауіпсіздік режимнің сақталуына жауап береді

ЕСКЕРТУ Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, алдын-ала келісілген шарттар бойынша Олимпиадаға қаржылық және ақпараттық қолдау көрсететін демеушілер мен серіктестерді тартуға құқылы (сол аймақта тұратын оқушылардың ата-аналарының қаражатынан басқа)

3.2. Олимпиаданың қазылар алқасы төраға, хатшы және қазылар мүшелерінен тұрады. Қазылар алқасының құрамы Олимпиадаға қызмет көрсету шартына сәйкес бас кеңсенің немесе компанияның бұйрығымен бекітіледі.

Олимпиаданың қазылар алқасы:

- тапсырманы тексеру және жұмыс нәтижелерін бағалау үшін бірыңғай талаптарды сақтауды қамтамасыз етеді;
- жұмыстарды тексереді және бағалайды, тексерілген жұмыстардың қорытындысын ұйымдастыру комитетіне береді;
- қатысушылардың жұмысын бағалаудағы қарама-қайшы мәселелерді талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;
- жеңімпаздар мен жүлдегерлердің тізімін анықтайды және бекітеді;
- ұйымдастыру комитетіне жеңімпаздар мен жүлдегерлердің тізімін бекітуге ұсынады;
- ережеге сәйкес басқа да функцияларды орындайды.

Қазылар алқасы жауапты:

- Оқушылардың жұмыстарын бағалаудың шынайылығына және осы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге;
- Форс-мажорлық жағдайларды қоспағанда, оқушылардың жұмыстарын бағалау мерзімі 7 күннен асырмауға;
- Олимпиада нәтижелерін Қордың ресми сайтына орналастыруға.

3.3. Апелляциялық комиссия. Апелляциялық комиссияның негізгі мақсаты олимпиадаға қатысушы мен қазылар алқасы арасындағы даулы жағдайды шешу болып табылады. Апелляциялық комиссия төрағасы және екі қатысушыдан тұрады. Апелляциялық комиссияның құрамы олимпиаданың қызметтерін көрсетуге арналған келісімшартқа сәйкес бас кеңсенің немесе компанияның бұйрығымен бекітіледі.

Апелляциялық комиссия құқылы:

- олимпиада қатысушыларының апелляцияларын қабылдау және қарау;
- қойылған баллдардың шынайылығын белгілеу;
- қойылған баллдардың сәйкестігі туралы немесе басқа баллдарды қою туралы шешім қабылдау (жоғарылату және төмендету жағына қарай);
- қабылданған шешім туралы хаттама ресімдеу және оны олимпиада қатысушысына жеткізу.

Апелляциялық комиссия жауапты:

- олимпиадаға қатысушылардың апелляцияға өтініштерін тіркеуге;
- олимпиадаға қатысушылардың өтініштерін объективті қарауға.

ОЛИМПИАДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Олимпиадаға, қазақ және орыс тілінде оқитын ауыл мектептерінің тек 9-сынып оқушылары ерікті түрде қатыса алады.

4.1. IQANAT ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ

Олимпиада үш кезең бойынша өткізіледі:

- бірінші кезең - аудандық, Қордың жыл сайынғы академиялық күнтізбесіне сәйкес мерзімде жергілікті атқарушы органдардың көмегі арқылы облыстық үйлестірушілер өткізеді;
- екінші кезең - облыстық, Қордың жыл сайынғы академиялық күнтізбесіне сәйкес мерзімде облыс орталықтарында жергілікті атқарушы органдардың көмегі арқылы облыстық үйлестірушілер өткізеді;
- үшінші кезең – республикалық, Қордың жыл сайынғы академиялық күнтізбесіне сәйкес мерзімде өткізіледі.

ЕСКЕРТУ. Аудандық олимпиадалардың жеңімпаздары облыстық олимпиаданың финалистері, ал облыстық олимпиаданың финалистері республикалық слеттің қатысушылары болады.

IQanat олимпиадасының кез келген кезеңіне қатысудан бас тартқан жағдайда, олимпиада жеңімпазы қор қаражаты есебінен қазақстандық және шетелдік университеттерге түсу үшін қордан тегін дайындалу құқығынан айырылады

4.2. ҚАТЫСУШЫЛАР САНЫ

- IQanat аудандық олимпиадасының **бірінші кезеңіне** бүкіл ел бойынша тіркелген алғашқы 50 000¹ қатысушы ғана қатысады.
- Оқушылар *уақытша қағида* бойынша іріктеледі, яғни «қатысушы неғұрлым ерте тіркеліп, өтінім берген болса, тізімге ену мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады».
- Олимпиадаға қатысу үшін ағымдағы оқу жылының 1 қыркүйек - 1 қазан аралығында қатысушылар www.iqanat.kz сайтында тіркеуден өтуі керек.
- Олимпиадаға қатысу үшін тіркеу формасын толтырған қатысушы осы Ережеде ұсынылған олимпиаданы өткізу тәртібі мен ережелерімен келіседі.
- Қатысуға өтінімдерді тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні

¹ 2020/2021 оқу жылында ауыл мектептерінің тоғызыншы сынып оқушыларының саны 116 657 адамды құрайды, демек, 50 162 адам – 43%

ішінде Ұйымдастыру комитеті IQanat олимпиадасына қатысуға жіберілген оқушылардың тізімін бекітеді және жібереді.

- IQanat облыстық олимпиадасының **екінші кезеңіне** бірінші кезеңге қатысқан оқушылардың тек 25% өтеді. Оқушылар **нәтижелерді шәкілдеу қағидасы** бойынша іріктеледі, яғни «қатысушы неғұрлым көп балл алса, 2-кезең жеңімпаздарының тізіміне ену мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады».

- IQanat Олимпиадасының **үшінші кезеңі** - республикалық слетқа осы облыстың (ауданның) қамқоршысы ұсынған квотаға сәйкес **нәтижелерді шәкілдеу қағидасы** бойынша 2-кезеңнің жеңімпаздары өтеді.

4.3. ТАПСЫРМАЛАР ФОРМАТЫ

4.3.1. Бірінші кезең. Бірінші турда Қатысушы бейімділігін анықтау үшін барлық пәндер бойынша тест тапсырады.

Бағыттар (оқушылардың табиғи дарыны мен бейімділігін анықтау):

- ✓ Тілдік («Қазақ тілі» пәні - қазақ тілінде оқитындарға, «Орыс тілі» пәні орыс тілінде оқитындарға, қазақ (орыс) тілін дұрыс қолдану дағдыларын анықтауға арналған сұрақтар, мәтінді түсіну және қорытынды жасай білу, сөздік қорын, синтаксис пен орфографияны қолдану);

- ✓ Математикалық («Математика» пәні, математиканың негізгі ұғымдарын қолдану және осы ұғымдарға тәсілдерді қолдану дағдыларын анықтауға арналған сұрақтар, негізгі математикалық қатынастарды қолдана отырып абстрактілі тәсілді орындау, күнделікті өмірде негізгі математикалық әдістерді қолдану);

- ✓ Жаратылыстану («Физика», «Биология», «Химия» пәндері, физика, биология және химияның негізгі түсініктері мен қағидаларын қолдану дағдыларын анықтайтын сұрақтар);

- ✓ Гуманитарлық («Тарих», «География», «Әлеуметтану» пәндері, тарих, география және әлеуметтану пәндерінде негізгі ұғымдар мен қағидаларды қолдану дағдыларын анықтауға арналған сұрақтар).

Формат (төмендегі форматтардың бірі қолданылуы мүмкін):

- ✓ Paper-based (қағаз);
- ✓ Computer-based online;
- ✓ Адамның бет-әлпетін танитын жүйе

Сұрақтар деңгейі:

- ✓ А - оңай;
- ✓ В - орташа;
- ✓ С – қиын.

Сұрақтар саны

Бағыт	Пәндер	Пән бойынша сұрақтар саны	Бағыттар бойынша сұрақтар саны	Сұрақтардың жалпы саны
Тілдік	Қазақ (Орыс) тілі	20	20	20
Математикалық	Математика	20	20	20
Жаратылыстану	Физика	8	20	20
	Биология	7		
	Химия	5		
Гуманитарлық	Тарих	8	20	20
	География	7		
	Социология	5		
	Ағылшын тілі	10	10	10

ЕСКЕРТУ. Ағылшын тілінен жиналған ұпай есептелмейді және оған қосымша уақыт берілмейді!

Балдар саны мен берілген уақыт

Бағыт	Тілдік			Математикалық			Жаратылыстану			Гуманитарлық		
	А	В	С	А	В	С	Физика А В С	Биология А В С	Химия А В С	Тарих А В С	География А В С	Әлеуметтану А В С
Сұрақ деңгейі												
Деңгей бойынша ұпайы	1	2	3	1	2	3	1 2 3	1 2 3	1 2 3	1 2 3	1 2 3	1 2 3
Жалпы сұрақ саны	9	7	4	9	7	4	3 3 2	4 2 1	2 2 1	3 3 2	4 2 1	2 2 1
Ұпайы	35			35			35			35		
Уақыты (мин)	20 мин			30 мин			30 мин			20 мин		
Жалпы ұпайы	140 ұпайы											
Жалпы уақыт (мин)	100 мин											

4.3.2. Екінші кезең. Екінші кезеңде Қатысушы 1 кезеңнің қорытындысы бойынша басым болған топ бойынша тест тапсырады :

- 1) Гуманитарлық;
- 2) Жаратылыстану;

Топтар (оқушылардың табиғи дарыны мен бейімділігін анықтау):

✓ Гуманитарлық: «Қазақ тілі» пәні - қазақ тілінде оқитындарға, «Орыс тілі» пәні орыс тілінде оқитындарға, қазақ (орыс) тілін дұрыс қолдану дағдыларын анықтауға арналған сұрақтар, мәтінді түсіну және қорытынды жасай білу, сөздік қорын, синтаксис пен орфографияны қолдану? «Тарих», «География», «Әлеуметтану» пәндері тарих, география және әлеуметтану пәндерінде негізгі ұғымдар мен қағидаларды қолдану дағдыларын анықтауға арналған сұрақтар.

✓ Жаратылыстану: «Математика» пәні, математиканың негізгі ұғымдарын қолдану және осы ұғымдарға тәсілдерді қолдану дағдыларын анықтауға арналған сұрақтар, негізгі математикалық қатынастарды қолдана отырып абстрактілі тәсілді орындау, күнделікті өмірде негізгі математикалық әдістерді қолдану, «Физика», «Биология», «Химия» пәндері, физика, биология және химияның негізгі түсініктері мен қағидаларын қолдану дағдыларын анықтайтын сұрақтар.

Формат (төмендегі форматтардың бірі қолданылуы мүмкін):

- ✓ Paper-based (қағаз);
- ✓ Computer-based online;
- ✓ Адамның бет-әлпетін танитын жүйе

Сұрақтар деңгейі:

- ✓ А - оңай;
- ✓ В - орташа;
- ✓ С – қиын.

Сұрақтар саны

ТОП	Бағыт	Пәндер	Пән бойынша сұрақтар саны	Бағыттар бойынша сұрақтар саны	Сұрақтардың жалпы саны
Гуманитарлық	Тілдік	Қазақ (Орыс) тілі	20	20	50
	Гуманитарлық	Тарих	15	30	
		География	10		
		Социология	5		
Жаратылыстану	Математикалық	Математика	20	20	50
	Жаратылыстану	Физика	15	30	
		Биология	10		
		Химия	5		
		Ағылшын тілі	10	10	10

ЕСКЕРТУ: Ағылшын тілінен жиналған ұпай есептелмейді және оған қосымша уақыт берілмейді!

Балдар саны мен берілген уақыт

Бағыт	Тілдік			Гуманитарлық			Математикалық			Жаратылыстану		
	А	В	С	Тарих А В С	География А В С	Әлеуметтану А В С	А	В	С	Физика А В С	Биология А В С	Химия А В С
Сұрақ деңгейі	А	В	С	Тарих А В С	География А В С	Әлеуметтану А В С	А	В	С	Физика А В С	Биология А В С	Химия А В С
Деңгей бойынша ұпайы	1	2	3	1 2 3	1 2 3	1 2 3	1	2	3	1 2 3	1 2 3	1 2 3
Жалпы сұрақ саны	7	6	7	2 5 8	2 4 4	1 1 3	7	6	7	2 5 8	2 4 4	1 1 3
Ұпайы	40			70			40			70		
Уақыты (мин)	40 мин			60 мин			40 мин			70 мин		
Жалпы ұпайы	110 ұпайы						110 ұпайы					
Жалпы уақыт(мин)	100 мин						100 мин					

4.3.3. Үшінші кезең. Үшінші кезеңде оқушылар тестті екі пән бойынша тапсырады: біреуі міндетті-«Ағылшын тілі», екіншісі таңдау бойынша:

- Таңдау бойынша пәндер
- ✓ «Қазақ (Орыс) тілі» пәні;
 - ✓ «Математика» пәні;
 - ✓ «Физика» пәні;
 - ✓ «Биология» пәні;
 - ✓ «Химия» пәні;
 - ✓ «Тарих» пәні;
 - ✓ «География» пәні;

Формат (төмендегі форматтардың бірі қолданылуы мүмкін):

- ✓ Paper-based (қағаз);
- ✓ Computer-based online;
- ✓ Адамның бет-әлпетін танитын жүйе

Сұрақтар деңгейі:

- ✓ А - оңай;
- ✓ В - орташа;
- ✓ С – қиын.

Сұрақтар саны, ұпайы мен берілген уақыты

Пәндер	Жалпы сұрақ саны	Пән бойынша сұрақ саны	Сұрақ деңгейі	Деңгей бойынша сұрақ саны	Деңгей бойынша ұпайы	Ұпайы	Уақыты (мин)	Жалпы сұрақ саны	Жалпы ұпайы	Жалпы уақыт(мин)
Қазақ тілі Тарих География Математика Физика Химия	30	30	A	5	2 ұпай	100	70	50	120	90
B			10	3 ұпай						
C			15	4 ұпай						
Ағылшын тілі (оқушының ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтау тесті, яғни мектеп бағдарламасын ағылшын тілінде оқи алу қабілетін анықтау)	20	20	A		1 ұпай	20	20	50	120	90
B				1 ұпай						
C				1 ұпай						

ЕСКЕРТУ. Олимпиаданы өткізу барысында қатысушының әрекетіне байланысты емес техникалық ақаулар болған жағдайда, оған тапсырмаларды орындауға қосымша уақыт беріледі. Қосымша уақыт мөлшері ұйымдастырушының туындаған ақауларды жоюға жұмсаған уақытына сәйкес келеді.

Олимпиада барысында қатысушылар тапсырмалардың шарттарын нақтылауға байланысты сұрақтар қоюға мүмкіндігі бар. Қатысушының сұрағына олимпиаданы ұйымдастыру комитетінің мүшесі ғана жауап беруге құқылы.

4.4. ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Олимпиаданың басталуына дейін шақырылған қатысушылар олимпиада өтетін жерде тіркеу рәсімінен өту керек. Тіркеу рәсімінен өтпеген қатысушылар Олимпиадаға қатыса алмайды

Тіркеу процедурасынан белгілі себептермен кешіккен жағдайда Қатысушы ұйымдастырушыға бұл туралы тіркеудің аяқталғанына дейін хабарлауға міндетті. Олай етпеген жағдайда қатысушы олимпиадаға қатысу құқығынан айырылады.

Тіркеу кезінде қатысушының жеке куәлігі (туу туралы куәлік) болуы керек. Жеке басын куәландыратын құжат болмаған жағдайда қатысушыға олимпиадаға қатысуға рұқсат етілмейді.

ЕСКЕРТУ. IQanat олимпиадасының кез-келген кезеңін онлайн-режимде өткізген жағдайда қосымша нұсқаулыққа сәйкес тіркелу қажет.

Барлық тіркелген қатысушылар олимпиада өтетін күні олимпиаданың ашылу рәсіміне қатысуы керек.

Олимпиаданың ашылуында:

- алдын ала нәтижелерді жариялау орны мен тәртібі туралы хабарлайды;
- аудиторияларда өзін-өзі ұстау ережелері, ұсынылатын тапсырмалардың шешу жолдарына қойылатын талаптар және басқа қажетті ақпарат оқылады;
- қатысушылардың аудитория бойынша бөлінуі жарияланады

Олимпиада тапсырмаларын шешу барысында қатысушыларға тыйым салынады:

! ұялы телефондар, смартфондар, ноутбуктер, ақпарат тасымалдағыштар және т. Б. қолдануға;

! аудиторияның кезекші оқытушысының және олимпиаданы ұйымдастыру комитеті өкілдерінің қолынан алған заттардан басқа қандай заттарды беруге (алуға);

! бір-бірімен қарым-қатынас жасау, аудиторияда еркін жүруге;

! төтенше жағдайларды қоспағанда аудиторияның кезекші оқытушысының рұқсатынсыз кез-келген сылтаумен аудиториядан шығуға;

! аудиторияға қаламнан басқа заттарды апаруға.

Егер қатысушы аудиториядан дәлелді себептермен уақытша шығып кетуі қажет болса, оған кезекшілердің бірі ілесіп жүреді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: қатысушының ережелерді бұзуы оны олимпиададан шеттетуге және оның барлық нәтижелерінің күшін жоюға әкеледі..

Қатысушыны шеттету туралы шешімді олимпиаданың ұйымдастыру комитетінің мүшесі ғана қабылдай алады, ол туралы тиісті акт жасалады.

2020/2021 оқу жылына арналған IQanat олимпиадасының академиялық күнтізбесі

I жартыжылдық

Қыркүйек 2020

Дн	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
	1	2	3	4	5	6
7	8	9	10	11	12	13
14	15	16	17	18	19	20
21	22	23	24	25	26	27
28	29	30				

Қазан 2020

Дн	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
			1	2	3	4
5	6	7	8	9	10	11
12	13	14	15	16	17	18
19	20	21	22	23	24	25
26	27	28	29	30	31	

Қараша 2020

Дн	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
						1
2	3	4	5	6	7	8
9	10	11	12	13	14	15
16	17	18	19	20	21	22
23	24	25	26	27	28	29
30						

Желтоқсан 2020

Дн	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
	1	2	3	4	5	6
7	8	9	10	11	12	13
14	15	16	17	18	19	20
21	22	23	24	25	26	27
28	29	30	31			



ОЛИМПИАДАҒА ҚАТЫСУ
ҮШІН ТІРКЕЛУ



ОЛИМПИАДАНЫҢ БІРІНШІ КЕВЕНІНІҢ
НӘТИЖЕСІН ШЫҒАРУ



I және II ТУРҒА
ДАЙЫНДЫҚ



АУДАНЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ
1 КЕЗЕҢІ



МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕЛЕР

II ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ

Қаңтар 2021

Дн	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
				1	2	3
4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17
18	19	20	21	22	23	24
25	26	27	28	29	30	31

Ақпан 2021

Дн	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28

Наурыз 2021

Дн	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28
29	30	31				

Сәуір 2021

Дн	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
			1	2	3	4
5	6	7	8	9	10	11
12	13	14	15	16	17	18
19	20	21	22	23	24	25
26	27	28	29	30		

Мамыр 2021


Дн	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
					1	2
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23
24	25	26	27	28	29	30
31						

Маусым 2021

Дн	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
	1	2	3	4	5	6
7	8	9	10	11	12	13
14	15	16	17	18	19	20
21	22	23	24	25	26	27
28	29	30				


Шілде 2021

Дн	Сс	Ср	Бс	Жм	Сн	Жс
			1	2	3	4
5	6	7	8	9	10	11
12	13	14	15	16	17	18
19	20	21	22	23	24	25
26	27	28	29	30	31	

 I және II ТУРҒА ДАЙЫНДЫҚ

 МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕЛЕР

 ОЛИМПИАДАНЫҢ II(Наурыз) және III (шілде) КЕЗЕҢДЕРІ

 ОЛИМПИАДАНЫҢ II және III КЕЗЕҢДЕРІНІҢ НӘТИЖЕСІН

ТАПСЫРМАЛАРДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Әзірлеушілер құрамынан Олимпиаданың тапсырмаларын құрастырушылар тағайындалады.

1-кезеңдегі тапсырмалар мазмұны:

- МЖМББС стандарты бойынша 7-9 (1 тоқсан) сыныптың материалдарына сәйкес;
- Бірегейлік талаптарға сай, яғни Ғаламтор желісінде кездеспейді, Ұйымдастырушы бұрын өткізген барлық деңгейлердегі олимпиадаларда пайдаланбаған. Олимпиаданың тапсырмалары қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде құрастырылады.

Әр тапсырма күрделігіне қарай белгілі бір ұпай санымен бағаланады.

2-кезеңдегі тапсырмалар мазмұны:

- МЖМББС стандарты бойынша 7-9 (1-3 тоқсан) сыныптың материалдарына сәйкес;
- Бірегейлік талаптарға сай, яғни Ғаламтор желісінде кездеспейді, Ұйымдастырушы бұрын өткізген барлық деңгейлердегі олимпиадаларда пайдаланбаған. Олимпиаданың тапсырмалары қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде құрастырылады. Әр тапсырма күрделігіне қарай белгілі бір ұпай санымен бағаланады.

3-кезеңдегі тапсырмалар мазмұны:

- МЖМББС стандарты бойынша 7-9 сыныптың материалдарына сәйкес;
- Бірегейлік талаптарға сай, яғни Ғаламтор желісінде кездеспейді. Ұйымдастырушы бұрын өткізген барлық деңгейлердегі олимпиадаларда пайдаланбаған. Олимпиаданың тапсырмалары қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде құрастырылады. Әр тапсырма күрделігіне қарай белгілі бір ұпай санымен бағаланады.

ЕСКЕРТУ

1. ШЖМ-нан (шағын жинақталған мектептерден) 1 және 2-кезеңге қатысушыларға балдардың жалпы нәтижесінен 10% қосылады.
2. Үміткерлер бірдей балл жинаған жағдайларда күрделілік дәрежесі бойынша жауаптар саны салыстырылады.
3. Үміткерлерде күрделілік дәрежесі бірдей жауаптар саны болған жағдайларда мектептерінен оқушылардың «Үлгерім табелі» сұралады.
4. Оқушылардың үлгерімі бірдей болған жағдайда облыстың (ауданның) қорғаншысының шешімі бойынша екі қатысушы да қосымша квота есебінен жеңімпаз бола алады.

IQanat олимпиадасының 1, 2, 3-кезеңдеріне қатысушылардың тізімін және олимпиаданы өткізудің нақты уақыты мен орнын көрсете отырып, оны өткізу бағдарламаларын облыстық үйлестірушілер ұсынады және Қордың www.iqanat.kz сайтында жарияланады (олимпиада күнтізбесін қараңыз).

Олимпиада қатысушыларының нәтижелерән бағалау үлгісі:

1-тур

1-тур нәтижесінде ұпайы ең жоғары оқушылардың 25%-ы келесі турға өтеді. Минималды шектік ұпайы бірдей оқушылар болса, келесі турға С деңгейлі, одан кейін В деңгейлі сұрақтарға көбірек дұрыс жауап берген оқушы өтеді. Мысалы:

Сұрақтың қиындық деңгейі	1-оқушы	2-оқушы
А	15	19
В	13	11
С	8	8
Жалпы ұпай	65	65

Келесі турға 1-оқушы өтеді. Себебі, С деңгейлі дұрыс жауаптар саны бірдей болғанымен, ол оқушы В деңгейлі сұрақтарға көбірек дұрыс жауап берді.

2-тур

Екінші кезеңде бағалау екі топ бойынша өткізіледі:

- 1) гуманитарлық;
- 2) Жаратылыстану

2 кезеңнің қорытындысы бойынша әр ауданнан ең жоғары ұпай санын жинаған қатысушылар іріктеледі.

ЕСКЕРТУ

Аталған аудандарда жеңімпаздар саны демеушілердің есебінен келесідей болады:

1. Көкпекті ауданынан 12 қатысушы (ШҚО);
2. Енбекшіқазақ, Іле, Қарасай аудандарынан 8 қатысушыдан (Алматы облысы);
3. Жетісай, Сайрам, Сарыағаш аудандарынан 12 қатысушыдан және Қазықұрт, Келес, Мақтарал, Ордабасы аудандарынан 8 қатысушыдан (Түркістан обласы).

Минималды шектік ұпайы бірдей оқушылар болса, келесі турға С деңгейлі, одан кейін В деңгейлі сұрақтарға көбірек дұрыс жауап берген оқушы өтеді. Мысалы:

Сұрақтың қиындық деңгейі	1-оқушы	2-оқушы	3-оқушы
А	3	2	4
В	11	10	9
С	14	15	15
Жалпы ұпай	67	67	67

Келесі турға 2-оқушы өтеді. Себебі, С деңгейлі сұрақтарға ең көп 2-ші және 3-ші оқушылар дұрыс жауап берген, ал олардан В деңгейлі сұрақтарға 2-ші оқушы көбірек дұрыс жауап берген.

3-тур

3-тур нәтижелері алдыңғы турлар секілді есептеледі.

Егер де 1-ші және 2-шә турларда шектік ұпай алған оқушылардың А, В, С деңгейлі сұрақтарға дұрыс жауап берулері бірдей болса, онда басымдылық физика мен тарих пәндеріне беріледі.

ОЛИМПИАДАНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН МАРАПАТТАУ

Барлық облыстарда (ауылдық аудандарда) олимпиада аяқталған соң 7 күн ішінде қазылар алқасы олимпиаданың алдын ала қорытындыларын шығарады.

Олимпиаданың алдын-ала нәтижелері шыққаннан кейін, қатысушылар үш күн ішінде жазбаша өтініш (апелляция) бере алады.

Апелляцияның нәтижесінде қатысушының жинаған ұпай саны қайта қарау немесе қарамау болып табылады. Апелляция туралы шешім соңғы болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

Қорытынды кестеге ұпайлардың кему тәртібімен енгізілген нәтижелердің негізіндегі рейтингта әр пән бойынша олимпиаданың жеңімпаздары анықталады. Тең ұпай санын жинаған қатысушылардың арасында жеңімпазды анықтау туралы шешімді Олимпиаданың қазылар алқасы қабылдайды.

Олимпиаданың қорытынды нәтижелері қордың ресми сайтында жарияланады.

ОЛИМПИАДАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

- Олимпиаданы өткізу шығындарын «IQanat білім қоры» қоғамдық қоры өтейді.

- Олимпиада қатысушыларының және жетекшілердің шығындары (олимпиада өткізілетін орынға жеткізу, тұру және тамақтану мәселелері) үшін жергілікті атқарушы органдар (Әкімдіктер / Білім департаменті / Білім беру бөлімі) жауапты болып табылады.

- Жергілікті атқарушы органдар көмек бере алмаған жағдайда, барлық шығындар Олимпиадаға қатысатын оқушылардың мектептеріне жүктеледі.

- Мектептер көмек көрсете алмаған жағдайда, шығындар Олимпиадаға қатысатын оқушылардың ата-аналарына немесе демеушілерге жүктеледі.